

4-ші тақырып

Қаржы коэффициенттері әдістері

1. Қаржы коэффициенттері
2. Қаржылық тұрақтылық
коэффициенттері

*Қаржылық коэффициенттер әдісі.

Коэффициенттер саыстырмалы шамалар болып табылады, оларды есептеу кезінде шамалардың біреуі бірлік ретінде алынып, ал 2-сі бірлікке қатынасы ретінде

Қаржылық тұрақтылық коэффициенттері

Барлық қаржылық тұрақтылыққа қатысты көрсеткіштерді екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топ - айналым құралдарының жағдайын анықтайтын көрсеткіштер.

- меншік құралдарымен қамтамасыз ету коэффициенті;
- материалдық қорлардың меншіктік айналым құралдарымен қамтамасыз ету коэффициенті;
- Негізгі құралдардың ұтқырлық (маневренность) коэффициенті;

Екінші топ - негізгі құралдар (ұзақ мерзімге тартылған займдық құралдар коэффициенті, тозу коэффициенті, мүліктің нақты құны коэффициенті) мен қаржылық тәуелсіздік дәрежесін (автономия коэффициенті; займдық құралдар мен меншік құралдарының арақатынас коэффициенті) сипаттайтын көрсеткіштер.

Есепті кезеңде есептелінген коэффициенттер нормаларымен салыстырылады, осы кезде кәсіпорынның әлсіз, қуатты жақтары анықталынады. Төменде қаржылық тұрақтылықты есептейтін көрсеткіштер берілген:

1. *Негізгі құралдармен қамтамасыз етілу коэффициенті* - қаржылық тұрақтылыққа қажетті кәсіпорынның меншікті айналым құралдарымен қамтамасыз етілуінің дәрежесін сипаттайды.

$$K = \frac{MK - АЕА}{АА} \leq 0,1$$

мұндағы, **МК**- меншік көздері (Пассив балансының V - бөлімі).

АЕА- айналымдық емес активтер.

АА- айналымдық активтер.

2. Материалдық қорлардың меншік құралдарымен қамтамасыз ету коэффициенті

- материалдық қорлардың қаншалықты меншік құралдарымен жабылғанын немесе қаншалықты тартылған займдық құралдарды қажет ететінін көрсетеді.

$$K = \frac{MK - AEA}{K} = 0.6 - 0.8$$

Мұндағы, **МК** - меншік көздері (Пассив балансының V-бөлімі)

АЕА - айналымдық емес активтер (Актив балансының II бөлімі)

К - қорлар

3. Меншікті капиталдың ұтқырлық коэффициенті - меншікті құралдар көздерінің қаржылық көзқарас тұрғысында қаншалықты жинақы (мобильный) екендігін сипаттайды. Бұл көрсеткіштің жоғары болуы, қаржылық тұрықтылықтың жоғары екендігін көрсетеді. Әлемдік тәжірибеде оның мәні 0.5-ке тең болуымен қалыпты болып табылады:

$$K_y = \frac{MK + AEA}{MK}$$

4. Ұзақ мерзімге тартылған займдық құралдарды тарту коэффициенті - өндірістің меншікті құралдарымен қандай қызметтің бөлігі ұзақ мерзімді займдық құралдармен қаржыландырылғанын көрсетеді.

$$K_{\text{ММЗ}} = \frac{УМП}{МК + УМП}$$

мұндағы, **УМП**- ұзақ мерзімді пассивтер(пассив балансының IV - бөлімі)

МК- меншік көздері (пассив балансының V бөлімі)

Бұл коэффициент қаржылық есеп берудің активтерін қаржыландыру үшін меншікті капиталмен қатар тартылған ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздардың үлесін көрсетеді, кәсіпорын өндірісті жаңарту мен кеңейту үшін қарыз қаражаттарын қаншалықты интенсивті пайдаланып жатқанына баға береді.

6. Тозу коэффициенті – негізгі құралдардың тозу арқылы қандай бөлігі қаржыландырылғандығын көрсетеді. Тозу коэффициентінің жоғарылауы, материалдық – техникалық кәсіпорын базасының нашарлауын көрсетеді.

$$K_m = \frac{ЖТС}{НҚБҚ}$$

мұндағы, **ЖТС** – жиналған тозу соммасы
НҚБҚ – негізгі құралдардың бастапқы балансының құны

7.Тәуелсіздік коэффициенті – кәсіпорын меншігіндегі , жалпы сомасындағы меншікті құралдың үлесін көрсетеді.

$$K_m = \frac{MK}{БВ} \geq 0.5$$

мұндағы, **МК** – меншікті капитал
БВ – баланс валютасы

Бұл коэффициенттің өсуі кәсіпорынның қаржылық тәуелсіздігі жоғары екендігін көрсетсе, алдағы уақытта қаржылық қиындықтардың азаятындығын көрсетеді.

8. Кәсіпорын меншігіндегі негізгі құралдар мен айналымдық материалдық құралдардың нақты құны коэффициенті – кәсіпорын меншігіндегі өндірістік бағыттағы құралдардың үлесін көрсетеді.

$$K_{HKMK} = \frac{HK + OAK}{BB} \geq 0.5$$

мұндағы, **HK**- негізгі құралдар

ОАҚ- өндірістік айналым құралдары

BB- баланс валютасы